

Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қаңтардағы N 106/37 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18 сәуірдегі N 127/43 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 сәуірде N 3770 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 266/81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 29.09.2020 № 266/81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6–бабы 2–3–тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қаулысына сәйкес Шарбақты аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қаңтардағы № 106/37 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3696 тіркелген, 2014 жылғы 27 ақпандағы ауданның "Маралды" газетінің № 9, 2014 жылдың 27 ақпандағы ауданның "Трибуна" газетінің № 9 жарияланған) шешіміне келесі толықтырулар енгізілсін:

осы аталған шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында:

8 тармағының 2) тармақшасында келесі мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"осы Қағиданың 7 тармағы 6) тармақшасының екінші абзацында (тек қана 1 және 2 топтардың мүгедектері) көрсетілген санаттарға 17619 (он жеті мың алты жүз он тоғыз) теңге мөлшерінде – уәкілетті ұйыммен келісілген тізімі негізінде;

осы Қағиданың 7 тармағы 9) тармақшасының үшінші, төртінші абзацтарында көрсетілген санаттарға 17619 (он жеті мың алты жүз он тоғыз) теңге мөлшерінде – уәкілетті органмен келісілген тізімі негізінде;"

2. "Шарбақты ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік төлемдерді уақытында қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Шарбақты аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Г. Бердыгожина

Аудандық мәслихат хатшысы

Т. Абдрахманов